

"Сарыарқаполиметалл" АҚ акцияларын мемлекеттік комитетке тапсыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1995 жылғы 13 қарашадағы N 0451

Қазтұтынуодағы жүйесіндегі инвестициялық жекешелендіру қорларының "Сарыарқаполиметалл" акционерлік қоғамы акцияларының 46 процентін швейцарияның "NAKOSTA AG" фирмасының басқаруына беруге байланысты:

1. Жекешелендірілгенге дейін "Сарыарқаполиметалл" акционерлік қоғамы акцияларының 39 проценті мөлшерін швейцарияның "NAKOSTA AG" фирмасының басқаруына беру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне тапсырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне кәсіпорындарды басқару туралы келісімнің шарттарын орындауға бақылау жасауды іске асыру міндеттелсін және оған осы өкімді жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органдар қызметін үйлестіру жүктелсін.

Премьер-министр